



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Сауда қызметтері

КӨТЕРМЕ-ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ

Жалпы талаптар

Услуги торговли

ОПТОВО-РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР

Общие требования

ҚР СТ 3673-2020

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**



Нұр-Сұлтан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Сауда қызметтері
КӨТЕРМЕ-ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ
Жалпы талаптар

ҚР СТ 3673-2020

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан

Алғысөз

1 «Сауда палатасы фирмасы» ЖШС ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2020 жылдың 15 желтоқсандағы № 445-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ГОСТ Р 57855-2017 «Сауда қызметтері. Тарату орталықтары. Жалпы талаптар» талаптарын ескере отырып әзірленді.

4 Осы стандартта «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544-ІІ Заңының нормалары іске асырылды.

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні «Ұлттық стандарттар» мерзімді ақпараттық каталогында жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама «Ұлттық стандарттар» мерзімді ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Сауда қызметтері

КӨТЕРМЕ-ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ

Жалпы талаптар

Енгізілген күні 2021-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт сауда саласындағы көтерме-тарату орталықтарына қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы стандарт ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, сауда ұйымдарына және жеке кәсіпкерлерге тиесілі көтерме-тарату орталықтарына қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін стандарттау жөніндегі мынадай сілтемелік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1753-2008 Сауда. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1756–2020 Сауда қызметтері. Жалпы талаптар.

Ескертпе – Осы стандартты қолданған кезде ағымдағы жылға арналған жағдай бойынша жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогы және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын басып шығарылатын ақпараттық сілтеуіштер бойынша сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1], ҚР СТ 1753 және ҚР СТ 1756 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамасымен мынадай термин қолданылады (пайдаланылады):

3.1 Көтерме-тарату орталығы; КТО: Азық-түлік тауарларын кейіннен ішкі және сыртқы нарықтарда көтерме саудада сату үшін сатып алу, дайындау, бөлу және өзге де операцияларды орындауға арналған қойма үй-жайларынан, павильондардан және арнайы жабдығы бар басқа да үй-жайлардан тұратын көпфункционалды инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешен.

Ескертпе — [1]-ден алынды.

3.2 Әкімшілік аймақ: КТО әкімшілігі орналасқан әкімшілік ғимараттар және (немесе) үй-жайлар кешені, қызмет көрсету объектілері (тамақтану пункттері, банк бөлімшелері, банк терминалдары), КТО байланысының серверлік тораптарын орналастыруға арналған үй-жайлар орналасқан аймақ, ветеринариялық-санитариялық,

карантиндік, фитосанитариялық, санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыратын органдар, сауда және логистикалық компаниялардың кеңселері.

3.3 Бақылау аймағы: Жабдықтармен жарактандырылған және ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық бақылауды, санитариялық-эпидемиологиялық және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бақылаудың өзге де түрлерін жүргізуге арналған аймақ.

3.4 Кедендік бақылау аймағы: Шегінде кедендік бақылау жүзеге асырылатын аймақ.

3.5 Кросс-докинг: Тауарлар мен жүктерді қойма аймағына орналастырмай қабылдау және жөнелту аймағы.

3.6 Қойма аймағы: Азық-түлік тауарларын сақтау үшін жабдықталған қойма үй-жайлары орналасқан аймақ.

3.7 Сауда аймағы: Азық-түлік тауарлары мен оны қайта өңдеу өнімдерінің көтерме саудасына, сондай-ақ сатып алушыларға қызмет көрсетуге және шарттар жасасуға және төлем жүргізуге арналған аймақ.

3.8 Сауда-көрме аймағы: Тауарларды қоюға, көрсетуге арналған және пайдаланылатын жабдықпен арнайы жарактандырылған аймақ.

3.9 Терминалдық аймақ: Көлікке арналған тұрақ орындарымен жүк тиеу-түсіру операцияларын жүргізуге арналған аймақ.

3.10 Технологиялық аймақ: Өңдеуге, жууға, қайта өңдеуге, кептіруге, құрғақ тазалауға, сұрыптауға, калибрлеуге, өлшеп-орауға, буып-түюге және (немесе) басқа да осындай операцияларға арналған жабдықпен жарактандырылған аймақ.

4 Жалпы ережелер

4.1 КТО әкімшілік – қойма кешені болып табылады, ол мынадай аймақтардан тұрады:

- 1) терминалды;
- 2) бақылау;
- 3) қойма;
- 4) сауда-көрме;
- 5) технологиялық;
- 6) әкімшілік.

Қажет болған жағдайда КТО мынадай аймақтар орналастырылады:

- 1) кросс-докинг;
- 2) сауда-көрме;
- 3) сауда;
- 4) кедендік бақылау аймағы.

4.2 КТО көтерме және/немесе бөлшек сауданы жүзеге асыру мақсатында азық-түлік тауарларын сақтауға, өңдеуге (сұрыптау, калибрлеу, жуу, буып-түю), өткізуге және таратуға арналған.

4.3 КТО:

- тауарларды өндіруші ұйымдардан немесе көтерме сауда ұйымдарынан (мысалы, елдің басқа өңірлерінде немесе шетелде орналасқан) жеке және (немесе) топтық орамада және өндірушінің таңбасымен алады;

- тапсырыс берушілердің өз немесе тауар өткізу желісі арқылы оларды тапсырыс берушілерге (шағын көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындарына) өткізеді/бөледі;

- тауарларды қайта сатпай-ақ өзінің бөлшек сауда желісіне жөнелтуді жүзеге асырады.

КТО, сондай-ақ өндіруші ұйымдардан немесе көтерме сауда ұйымдарынан түсетін

тауарларды сату алдындағы дайындауды (сұрыптау, калибрлеу, жуу, буып-түю) қамтамасыз ете алады.

4.4 Сауда саласындағы КТО өндірістік процестің, логистикалық (қоймалық және көліктік) қызмет көрсетудің, ақпараттық қамтамасыз етудің өзара байланысын іске асыратын және осы процестерді автоматтандыру мен бақылауды жүзеге асыратын буын болып табылады.

КТО желілік компанияның құрылымында тауар ағындарын оңтайландыру орталығы болып табылады-жеткізушілерден келетін тауар массасын және/немесе шикізатты сатуға дайын тауарлар партияларына айналдыру және оларды көлік құралдары арқылы сауда объектілері бойынша бөлу.

4.5 Тауарларды КТО арқылы жеткізу үшін жеткізушілер жасалған шарттарда (келісімшарттарда) белгіленген талаптарды, сондай-ақ жеткізілетін тауарлардың нақты түрлеріне қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтауға тиіс.

5 КТО-ға қойылатын жалпы талаптар

5.1 КТО-да [2], [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9], [10], [11], [12], [13] талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалары сақталуға тиіс.

5.2 КТО кіреберіс жолдармен және кіруге болатындай жабдықталуға, қажетті анықтамалық-ақпараттық көрсеткіштері болуға тиіс.

5.3. КТО аумағы атмосфералық, еріген сулар мен алаңдардың шайындыларынан және нөсер кәрізіне өтетін жолдардан суды ағызуды ескере отырып жоспарлануға тиіс. Жүру жолдары, жаяу жүргінші жолдары, тиеу-түсіру алаңдары асфальтталуға тиіс. ОРЦ аумағы абаттандырылуға және тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандырылуға тиіс. СБШ аумағы күнделікті жинаумен таза ұсталуға тиіс. Жылдың жылы мезгілінде аумақты және жасыл желектерді суару күніне кемінде бір рет жүргізілуіне тиіс. Қысқы уақытта аумақтың жүру бөлігін және жаяу жүргіншілер жолын жүйелі түрде қар мен мұздан тазарту қажет.

5.4 КТО-ның дамыған көлік инфрақұрылымы және үлкен жүк автомобильдерінің (ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды орындайтын көлік құралдарының) тұрағына және маневр жасауына арналған ыңғайлы алаңдары болуға тиіс.

5.5 КТО соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейнеақпаратты қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін жасанды жарықтандырумен және бейнебақылау құралдарымен қамтамасыз етілген орындарда тауарларды тексеріп қарауды, оның ішінде көлік құралдары үшін тереңдетілген тексеріп қарауды қамтамасыз етеді [14].

5.6 КТО-ны орналастыруға және үй-жайларына қойылатын талаптар

КТО орналасуының үш негізгі стратегиясы бар:

- өткізу нарықтарына жақын;
- өндіріске жақын;
- аралық орналасуы;
- сауда объектілерін тиімді жабдықтауды қамтамасыз ету үшін.

Тарату орталықтарының үй-жайларының саны, қуаты, орналасуы және құрамы материалдық ағындардың мөлшеріне, кәсіпорынның стратегиясы мен қаржылық жағдайына байланысты.

КТО орналасқан жерін таңдау кезінде келесі факторлар ескеріледі:

- тасымалдау құны;
- жүктерді (тауарларды) қоймалық өңдеу құны;

- жүктердің (тауарлардың) мазмұны);
- тапсырыстарды рәсімдеу және басқару жүйесін ұйымдастыру;
- клиенттерге қызмет көрсету деңгейі;
- ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемі;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге және өткізу нарықтарына аумақтық

жақындығы;

- тиісті инфрақұрылымның (сақтау, өңдеу, сауда) тапшылығы;
- тауар ағындарының бағыттары..

Барлық КТО-да тиеу-түсіру алаңдары немесе көлік құралдарын түсіруге арналған пандустар болуға тиіс.

5.7 Жобалау шешімдері және ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтері, пайдаланылатын инженерлік-техникалық жабдықтар [13]-ке сәйкес келуге тиіс.

5.8 КТО жобалау, орналасу орнын таңдау, салу және пайдалану кезінде:

- орналасу орнына және іргелес аумаққа, жоспарлау және конструктивтік шешімдерге;

- үй-жайларды орналастыруға және құрамына;

- сумен жабдықтауды, кәрізді, жылытуды, желдетуді, ауаны баптауды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, байланысты, ақпараттандыруды, диспетчерлендіруді, қоқысты жоюды қоса алғанда, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жүйесіне;

- өрт және күзет сигнализацияларына белгіленген талаптар сақталуға тиіс.

5.9 Тарату орталықтары жеке тұрған тұрғын емес ғимараттардың жер үсті қабаттарында орналасуы мүмкін.

5.9.1 КТО үй-жайлары мыналарды қамтиды:

- кросс-докинг (мұнда тауарлар мен жүктерді ұзақ мерзімді сақтау аймағында орналастырусыз қойма арқылы тікелей қабылдау және жөнелту процесі жүзеге асырылады);

- тауарларды қабылдау және сәйкестендіру аймақтары бар қойма үй-жайлары;

- тоңазытқыш камералар;

- бондовый қойма (кеден қоймасы сақтауға арналған);

- телефон байланыс орталығы (колл-орталық);

- қайтарылатын көлік ыдыстарын жууға және санитарлық өңдеуге және ыдыстар мен буып-түю материалдарын сақтауға арналған үй-жайлар;

- қалдықтарды сақтауға және кәдеге жаратуға арналған үй-жайлар (бөлімшелер) ;

- көлік дәліздері;

- персоналға арналған әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар;

- тауарларды тиеу (түсіру) үшін қолданылатын, пайдаланылатын көлік құралдарының габариттеріне сәйкес келетін биіктігі бар тиеу (жүк) платформасы;

- басқа да техникалық және қосалқы үй-жайлар.

5.9.2 КТО үй-жайларының құрамына өзге де үй-жайлар, оның ішінде тиісті жағдайлар болған кезде тауарларды сатуға дайындауға арналған (бөлшектеп өлшеп салу, буып-түю және т.б.) үй-жайлар енгізілуі мүмкін.

5.10 КТО инженерлік жүйелермен және жабдықтармен, соның ішінде жасанды және апаттық жарықтандырумен, ыстық және суық сумен жабдықтаумен, канализациялық, жылыту, желдету жүйелерімен, телефон байланысымен, өрт дабылы жүйесімен және автоматты өрт сөндіру жүйесімен, күзет дабылы және бейнебақылау жүйесімен жабдыкталуға тиіс.

Үй-жайлардың температурасы, ылғалдылығы және жарықтандырылуы әр жұмыс орнында қызметкерлердің денсаулығы мен жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін [15] нормаларға сәйкес келуге тиіс.

5.11 Азық-түлік тауарларын (тамақ өнімдерін) сақтау және өткізу кезінде [2], [4], сондай-ақ азық-түлік сауда кәсіпорындарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтер [16] талаптары сақталуға тиіс.

КТО тауарларды сақтау және өткізу үй-жайларындағы олардың түрлеріне сәйкес келетін температура мен ылғалдылықтың реттелетін режимдерін қамтамасыз етуге тиіс.

5.12 Сауда-технологиялық, тоңазытқыш және өзге де қойма жабдықтары (стеллаждық, көтергіш-көліктік) қауіпсіздіктің жалпы талаптарына сәйкес болуға және қауіпсіздік техникасы мен дайындаушылардың пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс.

5.13 КТО-ның жеке үй-жайлары мен бөлімшелерінің алаңын КТО әкімшілігі дербес белгілейді.

Қойма үй-жайларындағы жабдықтар арасындағы өту жолдарының ені қолданылатын механикаландыру құралдарын ескере отырып, тауарлардың еркін өтуін қамтамасыз етуге тиіс. КТО-дағы негізгі эвакуациялық өту жолдарының ені персоналдың болу және эвакуациялау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

5.43 Қоймалық технологиялық процестер мен персоналдың жұмыс орындарын ұйымдастыру КТО құрамына кіретін бөлімшелерде еңбекті қорғау ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

5.15 КТО-да қойма сауда-технологиялық процестерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

КТО-дағы сауда-технологиялық процесс мыналарды қамтиды:

- тауарларды әкелу (түсу), қабылдау, қызмет көрсетуге дайындық;
- тауарларды тасымалдау, қоймаға жинау және сақтау;
- тауарларды сұрыптау, бөліп өлшеп салу, буып-түю (қажет болған жағдайда);
- тапсырыс бойынша тауарларды іріктеу және жинақтау;
- тапсырыс бойынша тауарларды тасымалдау және жеткізу.

6 КТО ұсынатын қызметтер тізімі

6.1 КТО келесі қызметтерді көрсете алады:

- тарату орталығында өнім берушінің тауарларын түсіру мен сұрыптауды қоса алғанда, өнім берушінің тауарларын операциялық өңдеу жөніндегі қызметтер;
- өнім берушілердің тауарларын орналастыру, сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;
- өнім берушіден тауарлар мен орамдардың сапасын тауарлық сараптау жөніндегі қызметтер;
- сауда ұйымы қызметкерлерінің немесе өзге де уәкілетті тұлғалардың тауар жеткізушілері мен орауыштарының жасырын кемшіліктерін анықтау жөніндегі қызметтер;
- жеткізушілердің тауарларын іріктеу және жинақтау бойынша қызметтер және оларды сауда объектілеріне жеткізу;
- тауарларды өлшеп-орау жөніндегі қызметтер;
- тауарларды стикерлеу бойынша қызметтер, с.і. штрихкодтау;
- жекелеген сауда кәсіпорындары арасында тауарларды онтайлы бөлу жөніндегі қызметтер және оларды сауда ұйымы өкілдерінің жеткізуі;

ҚР СТ 3673-2020

- КТО-дағы және желінің сауда объектілеріндегі тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты қоса алғанда, КТО-дағы тауарлардың тауарлық қорларының деңгейі мен ассортиментін оңтайландыру үшін қажетті ақпаратты ұсыну;

- жүктерді кедендік ресімдеу;
- жүктерді (тауарларды) сертификаттау және декларациялау;
- тауарларды ветеринарлық сүйемелдеу бойынша қызметтер;
- талап етілетін қоймалық және өзге де жұмыстарды орындау үшін персоналды ұсыну бойынша қызметтер.

6.2 КТО қызметтері:

- қауіпсіздік,
- эргономикалық;
- санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық;
- икемділік;
- ақпараттылық жалпы талаптарға сай болуға тиіс.

Ескертпе – Қосымша қызметтер негізгі қызмет құрамында да, жеке де ақылы негізде көрсетілуі мүмкін.

7 Қауіпсіздік талаптары

7.1 КТО жұмыс істеген кезде персоналдың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі және сақталатын тауарлардың қауіпсіздігі мен сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс. Қарапайым жағдайларда да, төтенше жағдайларда да жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына қауіп деңгейі минималды болуы керек.

7.2 КТО жұмыс істеу кезіндегі қауіп-қатер факторларына:

- қызметкерлердің жарақат алу қаупі;
- өрт қауіпсіздігінің белгіленген талаптарын сақтамау;
- белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтамау жатады.

7.3 КТО-да санитариялық-гигиеналық қарсы-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, оның ішінде:

- іргелес аумақты және ортақ пайдалану орындарын күтіп ұстау;
- КТО негізгі функционалдық және басқа да үй-жайларын, оның ішінде тоңазытқыш камераларын, жабдықтар мен мүкәммалды санитариялық өңдеу;
- санитарлық тораптар мен тұрмыстық үй-жайларды жинау және өңдеу;
- жинау мүкәммалын ұстау және өңдеу;
- дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар сақталуға тиіс.

Санитариялық өңдеу мен жинау мерзімділігі санитариялық ережелердің талаптарын ескере отырып белгіленеді.

7.4 Өрт қауіпсіздігінің талаптары

КТО ғимараты [17]-де белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарына сай болуы керек.

КТО-да апаттық шығулар, апаттық жағдайдағы іс-қимылдар туралы нұсқаулықтар, құлақтандыру жүйелері мен өрттен қорғау құралдары, сондай-ақ қалыпты және төтенше жағдайларда персоналдың еркін бағдарлануын қамтамасыз ететін жақсы көрінетін ақпараттық көрсеткіштер көзделуге тиіс.

8 Қоршаған ортаны қорғау талаптары

КТО ғимараттарын, құрылымдары мен құрылыстарын салу қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтай отырып, бекітілген жобалар бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

КТО жобалау кезінде объектінің қоршаған ортаға әсерінің қысқа және ұзақ мерзімді экологиялық салдарлары барынша азайтылуға тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар құрылысты ұйымдастыру жобаларында (ҚҰЖ), жұмыс жүргізу жобаларында (ӨЖЖ), сондай-ақ технологиялық регламенттерде (технологиялық карталарда және т.б.) көзделеді.

КТО қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін қалдықтарды залалсыздандыру мен қауіпсіз орналастырудың техникалық құралдарымен және технологияларымен жабдықталуға тиіс.

9 КТО персоналына қойылатын талаптар

9.1 КТО еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптары бойынша даярлықтан өткен тиісті кәсіби дағдылары мен біліктілігі бар персоналмен жасақталуға тиіс. КТО персоналының еңбек функцияларын орындау үшін қажетті, орындайтын лауазымдық міндеттеріне сәйкес келетін дайындық деңгейі болуға тиіс.

9.2 КТО құрамына кіретін барлық бөлімшелердің қойма және қосалқы үй-жайларында азық-түлік тауарларымен (тамақ өнімдерімен) жұмыс істейтін КТО персоналы медициналық тексеруден, гигиеналық дайындықтан өтуге және жеке гигиена ережелерін сақтауға тиіс.

9.3 КТО құрамына кіретін барлық бөлімшелердің персоналы төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға дайын болуға тиіс.

9.4 Электр қондырғыларында жұмыстарды орындау үшін қабылданатын қызметкерлердің жұмыс сипатына сәйкес келетін кәсіби даярлығы болуға тиіс. Кәсіптік даярлығы болмаған жағдайда қызметкерлер персоналды даярлаудың мамандандырылған орталықтарында (оқу комбинаттарында, оқу-жаттығу орталықтарында және т.б.) оқудан (өз бетінше жұмыс істеуге рұқсат бергенге дейін) өтуге тиіс.

9.5 Персоналды кәсіби даярлау, оның біліктілігін арттыру, білімін тексеру және нұсқаулықтар еңбекті қорғауды ұйымдастыру және персоналдың қауіпсіз жұмысы жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүргізілуіне тиіс.

9.6 Қызметкерлердің денсаулық жағдайын тексеруді оларды жұмысқа қабылдағанға дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес мерзімді түрде жүргізген жөн.

9.7 Электр техникалық персонал өздік жұмысқа жіберілгенге дейін зардап шегушіні электр тогының әрекетінен босату, жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету тәсілдеріне оқытылуға тиіс.

9.8 Электр қондырғыларына қызмет көрсететін қызметкерлер тиісті лауазымға немесе кәсіпке қойылатын талаптар шегінде электр қондырғыларын қауіпсіз пайдалану ережелерін және басқа да нормативтік және техникалық құжаттарды (техникалық пайдалану, өрт қауіпсіздігі, қорғаныс құралдарын пайдалану, электр қондырғыларын орнату жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды) білуіне тексеруден өтуі, электр қауіпсіздігі бойынша берілген топты көрсете отырып, куәлік алуға тиіс. Қызметкерлер электр қондырғыларын қауіпсіз пайдалану ережелерін, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды, нұсқаулық беру кезінде алынған нұсқауларды сақтауға міндетті.

9.9 Арнайы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар қызметкерлердің бұл туралы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімді, ережелерді, нормалар мен

ҚР СТ 3673-2020

нұсқаулықтарды тексеру жөніндегі куәлікке жазбасы болуы тиіс [18]. Қызметкердің білімін тексергеннен кейін куәлікте көрсетілетін арнайы жұмыстарға мыналар жатады:

- жоғары өлмелеу работы;

- ток өткізгіш бөліктердегі кернеудегі жұмыстар, соның ішінде оқшаулағыштарды тазалау, жуу және ауыстыру, сымдарды жөндеу, оқшаулағыштар мен жалғағыш қысқыштарды өлшеу штангасымен бақылау, арқандарды майлау;

- жабдықты жоғары кернеумен сынау (мегаомметрмен жұмыс істеуден басқа).

Арнайы жұмыстардың тізбесі жергілікті жағдайларды ескере отырып, әкімшіліктің нұсқауы бойынша толықтырылуы мүмкін.

Тағылымдамадан өтетін қызметкер тәжірибелі қызметкердің өкімімен бекітілуі керек.

Өз бетінше жұмыс істеуге рұқсат беру де ұйым басшысының тиісті бұйрығымен ресімделуі керек.

9.10. Электр қондырғыларын қауіпсіз пайдалану ережелерінің бұзылуын жою шараларын қабылдай алмайтын әрбір қызметкер жоғары тұрған басшыға электр қондырғыларының, машиналардың, механизмдердің, құрылғылардың, құралдардың, адамдарға қауіп төндіретін қорғау құралдарының барлық байқалған бұзушылықтары мен ақаулары туралы дереу хабарлауға тиіс.

Библиография

[1] «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544-ІІ Заңы.

[2] КО ТР 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген).

[3] «Жемістер мен көкөністерден алынатын шырын өнімдеріне техникалық регламент» Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 023/2011) (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 882 шешімімен бекітілген).

[4] КО ТР 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 769 шешімімен бекітілген).

[5] КО ТР 015/2011 «Астық қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 874 шешімімен бекітілген).

[6] «Май өнімдеріне техникалық регламент» Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 024/2011) (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 883 шешімімен бекітілген).

[7] «Мамандандырылған тамақ өнімдерінің, оның ішінде диеталық емдік және диеталық алдын алу тағамының жекелеген түрлерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 027/2012) (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 34 шешімімен бекітілген).

[8] «Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштердің және технологиялық көмекші құралдардың қауіпсіздік талаптары» Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 029/2012) (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 58 шешімімен бекітілген).

[9] «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 033/2013) (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы N 67 шешімімен қабылданған).

[10] «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 034/2013) (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы N 68 шешімімен қабылданған).

[11] «Балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 040/2016) (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы N 162 шешімімен қабылданған).

[12] «Табиғи минералды суды қоса алғанда, қапталған ауыз судың қауіпсіздігі туралы» Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 044/2017) (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы N 45 шешімімен қабылданған).

[13] «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңы.

[14] Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 14 қазандағы № 222-НҚ бұйрығымен бекітілген Көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптар. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 20 қазанда № 21456 болып тіркелді.

[15] «Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 174 бұйрығы.

ҚР СТ 3673-2020

[16] «Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 358 бұйрығы.

[17] «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығы.

[18] «Қызметкерлерді, басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқама беруді және білімдерін тексеруді жүргізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығы.

МСЖ 01.020

Түйін сөздер: сауда қызметтері, көтерме-тарату орталығы, жалпы талаптар, персонал



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Услуги торговли

ОПТОВО-РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР

Общие требования

СТ РК 3673-2020

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Нур-Султан

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН ТОО «Фирма Торговая палата»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан № 445-од от 15 декабря 2020 года

3 Настоящий стандарт разработан с учетом требований ГОСТ Р 57855-2017 «Услуги торговли. Распределительный центр. Общие требования».

4 В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности» от 12 апреля 2004 года № 544-ІІ.

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном каталоге «Документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в периодических информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в периодическом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан

Услуги торговли

ОПТОВО-РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР

Общие требования

Дата введения 2021-07-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает общие требования к оптово-распределительным центрам в сфере торговли.

Настоящий стандарт распространяется на оптово-распределительные центры, принадлежащие торговым организациям независимо от их организационно-правовой формы и индивидуальным предпринимателям.

2 Нормативные ссылки

